- екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) бойынша 2 тоқсан қорытындысынан білім алушылардың білім сапасының **+2,06%** шамалы өсу тенденциясы байқалады;

- 2022-2023 оқу жылының 1,2-тоқсан қорытындыларын салыстыруда **4,5%** құрайтын оң өсу динамикасын көруге болады;

- қала бойынша білім сапасы орташа көрсеткіштен төмен мектептер қатарының өсу тенденциясы анықталды (**53 ББҰ**);

- білім сапасын қалалық деңгейден төмен көрсеткен білім беру ұйымдарының қатарында біріктірілген (МГ, МЛ) білім беру ұйымдарының көбеюі байқалады;

- мектеп-гимназиялардағы білім сапасының төмендеуіне әсер ететін пәндер қатарында қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің өсу тенденциясы байқалады.

Мониторинг нәтижелерін қорытындылай келе педагогтер мен мектеп әкімшілігіне және әдіскерлерге бәрқатар ұсыныстар жасауға болады.

Педагогтер мен мектеп әкімшілігі үшін:

- әр түрлі нысандар арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмысты жалғастыру: жобалар, пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар, сыныптағы қосымша сабақтар және т. б.;

- педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу мәселелері бойынша мектептегі әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жандандыру.

Әдістемелік орталық әдіскерлері:

- білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жүйелі және нақты жою жөніндегі жоспарды іске асыру бойынша жұмысты жетілдіру;

- 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанында білім алушылардың білім сапасын төмендетуге әсер еткен оқу пәндері бойынша педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсету.

3. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ 3 ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ БІЛІМ САПАСЫ МОНИТОРИНГІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

2022-2023 оқу жылының 2-ші және 3-ші тоқсанындағы білім алушылардың білім сапасына мониторинг 96 орта білім беру ұйымдары арасында жүргізілді (1-кесте).

1-кесте. 2022-2023 оқу жылының 2-ші және 3-ші тоқсанында қала мектептері бойынша білім алушылардың білім сапасы туралы мәліметтер


№	Білім беру ұйымдарының атауы	II тоқсан 2022-2023	III тоқсан 2022-2023	2-тоқсанмен салыстырғандағы 3-тоқсан динамикасы
1	№82 "Дарын" мамандандырылған лицейі	84,92%	88,00%	3,08%
2	№9 "Зерде" мамандандырылған мектебі	66,45%	81,00%	14,55%
3	№81 мектеп-лицейі	75,00%	79,00%	4,00%
4	Дарынды қыз балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	74,50%	76,50%	2,00%
5	Дарынды ер балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	78,66%	74,36%	-4,30%
6	№51 мектеп-гимназиясы	61,64%	68,00%	6,36%
7	№59 мектеп-лицейі	60,95%	68,00%	7,05%
8	№33 балабақша-бастауыш мектебі	64,96%	67,00%	2,04%
9	№91 мектеп-гимназиясы	65,74%	66,00%	0,26%
10	№93 мектеп-лицейі	63,53%	66,00%	2,47%
11	№50 мектеп-лицейі	61,04%	65,00%	3,96%
12	№60 мектеп-лицейі	60,29%	65,00%	4,71%
13	№77 мектеп-гимназиясы	63,13%	64,00%	0,87%
14	№46 балабақша-мектеп-гимназиясы	59,73%	64,00%	4,27%
15	№10 мектеп-гимназиясы	60,07%	63,00%	2,93%
16	№70 мектеп-лицейі	57,67%	63,00%	5,33%
17	№63 мектеп-гимназиясы	52,83%	62,00%	9,17%
18	№92 мектеп-лицейі	60,39%	61,00%	0,61%
19	№38 мектеп-лицейі	58,39%	61,00%	2,61%
20	№64 мектеп-лицейі	54,91%	61,00%	6,09%
21	№43 орта мектеп	51,34%	60,68%	9,34%
22	№3 мектеп-гимназиясы	60,45%	60,26%	-0,19%
23	№56 мектеп-лицейі	59,75%	60,00%	0,25%
24	№69 мектеп-гимназиясы	59,49%	60,00%	0,51%
25	№1 мектеп-гимназиясы	61,00%	59,81%	-1,19%
26	№15 мектеп-лицейі	56,85%	59,00%	2,15%
27	№7 мектеп-гимназиясы	55,71%	59,00%	3,29%
28	№84 мектеп-лицейі	54,03%	59,00%	4,97%
29	№22 мектеп-гимназиясы	52,90%	59,00%	6,10%
30	№40 мектеп-лицейі	58,01%	58,35%	0,34%
31	№53 мектеп-лицейі	56,74%	58,00%	1,26%
32	№30 мектеп-гимназиясы	55,46%	58,00%	2,54%
33	№79 мектеп-лицейі	54,71%	58,00%	3,29%

34	№27 мектеп-лицейі	54,68%	58,00%	3,32%
35	№47 балабақша-мектеп-гимназиясы	51,07%	58,00%	6,93%
36	№20 орта-мектеп	57,25%	57,47%	0,22%
37	№88 мектеп-лицейі	56,61%	57,00%	0,39%
38	№75 мектеп-гимназиясы	56,44%	57,00%	0,56%
39	№34 орта мектеп	55,95%	57,00%	1,05%
40	№66 мектеп-лицейі	55,90%	57,00%	1,10%
41	№94 мектеп-гимназиясы	55,56%	57,00%	1,44%
42	№28 мектеп-лицейі	55,09%	57,00%	1,91%
43	№65 мектеп-гимназиясы	53,98%	57,00%	3,02%
44	№76 мектеп-лицейі	53,24%	57,00%	3,76%
45	№25 орта мектеп	49,82%	57,00%	7,18%
	ОРТАША КӨРСЕТКІШ	54,08%	56,69%	2,61%
46	№24 орта мектеп	53,80%	56,08%	2,28%
47	№73 мектеп-лицейі	52,90%	56,00%	3,10%
48	№68 мектеп-гимназиясы	52,89%	56,00%	3,11%
49	№16 орта мектеп	51,87%	56,00%	4,13%
50	№62 мектеп-лицейі	57,25%	54,94%	-2,31%
51	№6 гимназиясы	56,38%	55,29%	-1,09%
52	№61 орта мектеп	55,72%	55,40%	-0,32%
53	№80 мектеп-гимназиясы	54,52%	55,00%	0,48%
54	№31 мектеп-гимназиясы	53,60%	55,00%	1,40%
55	№52 мектеп-гимназиясы	53,43%	55,00%	1,57%
56	№4 мектеп-гимназиясы	51,07%	55,00%	3,93%
57	№11 мектеп-лицейі	50,63%	55,00%	4,37%
58	№85 мектеп-лицейі	50,16%	55,00%	4,84%
59	№72 мектеп-лицейі	47,75%	55,00%	7,25%
60	№29 орта мектеп	50,10%	54,37%	4,27%
61	№12 балабақша-бастауыш мектебі	53,71%	54,00%	0,29%
62	№2 мектеп-гимназиясы	52,97%	54,00%	1,03%
63	№18 орта мектеп	51,67%	54,00%	2,33%
64	№37 мектеп-лицейі	54,23%	53,00%	-1,23%
65	№87 мектеп-гимназиясы	52,75%	53,00%	0,25%
66	№58 мектеп-гимназиясы	50,83%	53,00%	2,17%
67	№35 мектеп-лицейі	50,79%	53,00%	2,21%
68	№89 мектеп-лицейі	50,71%	53,00%	2,29%
69	№83 мектеп-гимназиясы	50,46%	53,00%	2,54%
70	№45 орта мектеп	50,26%	53,00%	2,74%
71	№57 орта мектеп	50,04%	53,00%	2,96%
72	№14 мектеп-гимназиясы	47,72%	53,00%	5,28%
73	№32 мектеп-гимназиясы	46,46%	53,00%	6,54%
74	№71 мектеп-лицейі	52,11%	52,04%	-0,07%
75	№21 орта мектеп	51,15%	52,00%	0,85%
76	№67 гимназиясы	50,08%	52,00%	1,92%
77	№17 мектеп-гимназиясы	49,32%	52,00%	2,68%
78	№55 орта мектеп	49,17%	52,00%	2,83%
79	№8 мектеп-лицейі	48,35%	52,00%	3,65%
80	№26 мектеп-гимназиясы	53,30%	51,35%	-1,95%
81	№5 гимназиясы	46,81%	51,00%	4,19%
82	№13 орта мектеп	44,36%	50,61%	6,25%

83	№23 орта мектеп	50,71%	50,07%	-0,64%
84	№19 орта мектеп	50,41%	50,00%	-0,41%
85	№48 мектеп-лицейі	49,41%	50,00%	0,59%
86	№41 орта мектеп	48,80%	50,00%	1,20%
87	№86 мектеп-гимназиясы	46,73%	50,00%	3,27%
88	№42 орта мектеп	48,00%	49,00%	1,00%
89	№44 орта мектеп	45,97%	49,00%	3,03%
90	№49 орта мектеп	47,90%	48,00%	0,10%
91	№54 мектеп-лицейі	47,90%	48,00%	0,10%
92	№78 мектеп-гимназиясы	44,14%	46,00%	1,86%
93	№74 мектеп-гимназиясы	41,47%	44,00%	2,53%
94	№90 гимназиясы	36,48%	39,00%	2,52%
95	№36 орта мектеп	36,22%	38,00%	1,78%
96	№39 кешкі (ауысымды) мектеп	16,72%	27,00%	10,28%

2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылардың білім сапасы мониторингі орташа көрсеткіш **56,69%** анықтады. Бұл көрсеткіш 2-тоқсан қорытындысымен салыстырғанда нәтиженің **+2,61%** артқандығын көрсетті (1-сурет).

1-сурет. 2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың 2-ші және 3-ші тоқсандағы білім сапасының көрсеткіштері, %



Демек, білім алушылардың білім сапасы 2021-2022 оқу жылының үшінші тоқсанымен салыстырғанда ғана емес, сонымен қатар ағымдағы оқу жылының 2-ші және 3-ші тоқсандары шеңберінде **+2,61%** - құрайтын оң өсу серпінін көрсетеді, бұл 2022-2023 оқу жылының 4-ші тоқсанында білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін жақсы негіз болып табылады.

Білім алушылардың үлгерімінің мониторингі **2022-2023 оқу жылының 3-тоқсаны бойынша** білім сапасының орташа көрсеткіші **56,69%**, 2021-2022 оқу жылының 3-тоқсаны бойынша білім сапасы **54,63%** (2-кесте).


2-кесте. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы 3-тоқсан көрсеткіштерінің салыстырмалы кестесі

№	Білім беру ұйымдарының атауы	ІІІ тоқсан 2021-2022	ІІІ тоқсан 2022-2023	Сапа динамикасы (+, -)
1	№82 "Дарын" мамандандырылған лицейі	85,04%	88,00%	2,96%
2	№9 "Зерде" мамандандырылған мектебі	74,92%	81,00%	6,08%
3	№81 мектеп-лицейі	79,41%	79,00%	-0,41%
4	Дарынды қыз балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	79,00%	76,50%	-2,50%
5	Дарынды ер балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	49,01%	74,36%	25,35%
6	№51 мектеп-гимназиясы	66,64%	68,00%	1,36%
7	№59 мектеп-лицейі	63,02%	68,00%	4,98%
8	№33 балабақша-бастауыш мектебі	70,18%	67,00%	-3,18%
9	№91 мектеп-гимназиясы	70,91%	66,00%	-4,91%
10	№93 мектеп-лицейі	*	66,00%	*
11	№50 мектеп-лицейі	63,08%	65,00%	1,92%
12	№60 мектеп-лицейі	58,85%	65,00%	6,15%
13	№77 мектеп-гимназиясы	67,87%	64,00%	-3,87%
14	№46 балабақша-мектеп-гимназиясы	63,78%	64,00%	0,22%
15	№10 мектеп-гимназиясы	60,30%	63,00%	2,70%
16	№70 мектеп-лицейі	54,66%	63,00%	8,34%
17	№63 мектеп-гимназиясы	58,36%	62,00%	3,64%
18	№92 мектеп-лицейі	60,08%	61,00%	0,92%
19	№38 мектеп-лицейі	63,85%	61,00%	-2,85%
20	№64 мектеп-лицейі	60,15%	61,00%	0,85%
21	№43 орта мектеп	55,31%	60,68%	5,37%
22	№3 мектеп-гимназиясы	60,17%	60,26%	0,09%
23	№56 мектеп-лицейі	57,08%	60,00%	2,92%
24	№69 мектеп-гимназиясы	53,11%	60,00%	6,89%
25	№1 мектеп-гимназиясы	59,64%	59,81%	0,17%
26	№15 мектеп-лицейі	58,81%	59,00%	0,19%
27	№7 мектеп-гимназиясы	58,52%	59,00%	0,48%
28	№84 мектеп-лицейі	58,45%	59,00%	0,55%
29	№22 мектеп-гимназиясы	52,49%	59,00%	6,51%
30	№40 мектеп-лицейі	57,65%	58,35%	0,70%
31	№53 мектеп-лицейі	55,93%	58,00%	2,07%
32	№30 мектеп-гимназиясы	51,65%	58,00%	6,35%
33	№79 мектеп-лицейі	55,01%	58,00%	2,99%
34	№27 мектеп-лицейі	54,00%	58,00%	4,00%
35	№47 балабақша-мектеп-гимназиясы	54,76%	58,00%	3,24%
36	№20 орта-мектеп	57,10%	57,47%	0,37%
37	№88 мектеп-лицейі	62,57%	57,00%	-5,57%
38	№75 мектеп-гимназиясы	56,17%	57,00%	0,83%
39	№34 орта мектеп	56,35%	57,00%	0,65%
40	№66 мектеп-лицейі	60,71%	57,00%	-3,71%
41	№94 мектеп-гимназиясы	*	57,00%	*
42	№28 мектеп-лицейі	51,64%	57,00%	5,36%
43	№65 мектеп-гимназиясы	55,35%	57,00%	1,65%
44	№76 мектеп-лицейі	53,88%	57,00%	3,12%
45	№25 орта мектеп	53,71%	57,00%	3,29%
	ОРТАША КӨРСЕТКІШ	54,63%	56,69%	2,06%

46	№24 орта мектеп	59,18%	56,08%	-3,10%
47	№73 мектеп-лицейі	44,11%	56,00%	11,89%
48	№68 мектеп-гимназиясы	58,99%	56,00%	-2,99%
49	№16 орта мектеп	47,02%	56,00%	8,98%
50	№62 мектеп-лицейі	63,50%	54,94%	-8,56%
51	№6 гимназиясы	58,46%	55,29%	-3,17%
52	№61 орта мектеп	49,72%	55,40%	5,68%
53	№80 мектеп-гимназиясы	52,92%	55,00%	2,08%
54	№31 мектеп-гимназиясы	54,67%	55,00%	0,33%
55	№52 мектеп-гимназиясы	53,51%	55,00%	1,49%
56	№4 мектеп-гимназиясы	56,41%	55,00%	-1,41%
57	№11 мектеп-лицейі	61,93%	55,00%	-6,93%
58	№85 мектеп-лицейі	58,58%	55,00%	-3,58%
59	№72 мектеп-лицейі	47,60%	55,00%	7,40%
60	№29 орта мектеп	49,56%	54,37%	4,81%
61	№12 балабақша-бастауыш мектебі	50,00%	54,00%	4,00%
62	№2 мектеп-гимназиясы	51,98%	54,00%	2,02%
63	№18 орта мектеп	52,42%	54,00%	1,58%
64	№37 мектеп-лицейі	51,52%	53,00%	1,48%
65	№87 мектеп-гимназиясы	48,89%	53,00%	4,11%
66	№58 мектеп-гимназиясы	51,57%	53,00%	1,43%
67	№35 мектеп-лицейі	56,85%	53,00%	-3,85%
68	№89 мектеп-лицейі	54,23%	53,00%	-1,23%
69	№83 мектеп-гимназиясы	51,26%	53,00%	1,74%
70	№45 орта мектеп	42,03%	53,00%	10,97%
71	№57 орта мектеп	45,97%	53,00%	7,03%
72	№14 мектеп-гимназиясы	44,18%	53,00%	8,82%
73	№32 мектеп-гимназиясы	49,20%	53,00%	3,80%
74	№71 мектеп-лицейі	46,30%	52,04%	5,74%
75	№21 орта мектеп	52,36%	52,00%	-0,36%
76	№67 гимназиясы	53,84%	52,00%	-1,84%
77	№17 мектеп-гимназиясы	51,86%	52,00%	0,14%
78	№55 орта мектеп	51,47%	52,00%	0,53%
79	№8 мектеп-лицейі	41,95%	52,00%	10,05%
80	№26 мектеп-гимназиясы	51,01%	51,35%	0,34%
81	№5 гимназиясы	46,81%	51,00%	4,19%
82	№13 орта мектеп	42,54%	50,61%	8,07%
83	№23 орта мектеп	49,72%	50,07%	0,35%
84	№19 орта мектеп	53,65%	50,00%	-3,65%
85	№48 мектеп-лицейі	48,74%	50,00%	1,26%
86	№41 орта мектеп	51,66%	50,00%	-1,66%
87	№86 мектеп-гимназиясы	49,28%	50,00%	0,72%
88	№42 орта мектеп	49,44%	49,00%	-0,44%
89	№44 орта мектеп	45,22%	49,00%	3,78%
90	№49 орта мектеп	49,36%	48,00%	-1,36%
91	№54 мектеп-лицейі	43,33%	48,00%	4,67%
92	№78 мектеп-гимназиясы	52,89%	46,00%	-6,89%
93	№74 мектеп-гимназиясы	52,17%	44,00%	-8,17%
94	№90 гимназиясы	34,76%	39,00%	4,24%
95	№36 орта мектеп	33,00%	38,00%	5,00%
96	№39 кешкі (ауысымды) мектеп	18,70%	27,00%	8,30%


3-тоқсан нәтижесі бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында өсу динамикасы +2,06% құраған (2-сурет).

2-сурет. Екі оқу жылы бөлінісінде білім алушылардың 3-тоқсандағы білім сапасының көрсеткіштері (2021-2022, 2022-2023), %



3-суретте 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан білім сапасы қалалық орташа көрсеткіштен жоғары көрсеткен білім беру ұйымдарының типтері мен түрлері бойынша үлесі берілген.

3-сурет. Орташа қақалық көрсеткіштен жоғары көрсеткен білім беру ұйымдарының үлесі, %



2022-2023 оқу жылының 2-ші және 3-ші тоқсандарында мектеп көрсеткіштерінің мониторингін талдау 45 мектепте білім сапасы қалалық пайыздан жоғары екенін көрсетті

Қала бойынша ең жоғары көрсеткіш №82 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі көрсетті, білім сапасы 88% құрады. Яғни екінші тоқсан нәтижесімен салыстырғанда +3,08% өскен оң динамиканы байқауға болады. Жалпы білім сапасы қалалық орташа көрсеткіштен жоғары мектептердің нәтижесі 57%-88% аралығында ауытқиды.

Мониторинг тек сыртқы салыстырмалы диагностиканы ғана емес, сонымен қатар **ішкі диагностиканы** да көрсетеді, яғни мектеп оқушыларының білім сапасы соңғы 2 жарты жылдағы өз көрсеткіштерімен салыстырылады.

Екі оқу жылы бойынша 3-тоқсан нәтижелерінің көрсеткіштерін салыстыруда тек бір ғана мектеп (**Дарынды ер балаларға арналған «Білім**

инновация» лицей-интернаты) өз нәтижелерін жақсартқаны анықталды. Өсу динамикасы + 25,35% құраған.

Қалалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен мектептер қатарынан 8 білім беру ұйымы өздерінің көрсеткіштері бойынша теріс динамика көрсетті (3-кесте). Яғни, 2022-2023 оқу жылындағы 3-тоқсан нәтижесі, өткен 2021-2022 оқу жылының 3-тоқсан нәтижесімен салыстырғанда төмен (№81 МЛ, дарынды қыз балаларға арналған "Білім-инновация" лицей-интернаты, №33 ББМГ, №91 МГ, №77 МГ, №38 МЛ, №88 МЛ, №66 МЛ). Демек, бұл ұйымдарда өткен оқу жылына қатысты білім сапасы көрсеткіштерінің төмендеу үрдісі байқалды.

Алайда, сапа пайызын қала деңгейінен төмен көрсететін мектептер қатарында 20 мектепте **ішкі көрсеткіштері бойынша өсу динамикасы** байқалады. Атап айтсақ №73 МЛ өсім +11,89%, №16 ОМ +8,98%, №61 ОМ +5,68%, № 72 МЛ +7,40%, №29 ОМ +4,81%, №12 ББМ +4%, №87 МГ +4,11%, №45 ОМ +10,97%, №57 ОМ +7,03%, №14 МГ + 8,82%, №32 МГ +3,80%, №71 МЛ +5,74%, №8 МЛ + 10,05%, №5 Г + 4,19%, №13 ОМ + 8,07%, №44 ОМ+3,78%, №54 МЛ +4,67%, №90 Г +4,24%, №36 ОМ + 5%, №39 КАОМ + 8,3%.

Қалалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен 45 мектептің қатары келесідей типтер мен түрлерге қарай бөлінді (3-кесте).

3-кесте. 2022-2023 оқу жылы бойынша 2-ші және 3-тоқсан нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері


2-ші және 3-тоқсан бойынша қалалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтижелі ББҰ	3-тоқсан бойынша қалалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтижелі ББҰ	2-тоқсанмен салыстырғанда 3-тоқсан нәтижесі қалалық орташа көрсеткіштен төмен нәтижелі ББҰ
№№ 20, 34 орта мектеп	№№ 25, 43 орта мектеп	№№ 24, 61 орта мектеп
№№ 15, 27, 28, 38, 40, 50, 53, 56, 59, 60, 64, 66, 70, 79, 81, 84, 88, 92, 93 мектеп-лицейлер	№76 мектеп-лицей	№№ 37, 62 мектеп-лицейлер
№№ 1, 3, 7, 10, 30, 51, 65, 69, 75, 77, 91, 94 мектеп-гимназиялар	№№ 22, 63 мектеп-гимназиялар	№80 мектеп-гимназия
№ 82, БИЛ (қ), БИЛ (ұ)) лицейлер	-	-
-	-	гимназия № 6
№№33, 46 кешендер	№ 47 кешен	-
№ 9 «Зерде» мамандандырылған мектебі	-	-

4-кесте. 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан нәтижесі бойынша қалалық орташа көрсеткіштен жоғары көрсеткен ББҰ типтері мен түрлері.

Орта білім беру ұйымының түрі	3-тоқсан сапасы
4 орта мектеп – №№ 20, 25, 34, 43)	58,04%
20 мектеп-лицейі - №№ 15, 27, 28, 38, 40, 50, 53, 56, 59, 60, 64, 66, 70, 76 79, 81, 84, 88, 92, 93	61,37%
14 мектеп-гимназиясы - №№ 1, 3, 7, 10, 22, 30, 51, 63, 65, 69, 75, 77, 91, 94)	60,72%
3 лицей - № 82, БИЛ (ұ), БИЛ (қ))	79,62%
3 кешен - №№33, 46, 47	63%
1 - мамандандырылған мектеп № 9 «Зерде»	81%

4-кестеде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, аралас орта білім беру ұйымдарының арасында білімнің жоғары сапасын мектеп-лицейлер (20), мектеп-гимназиялар (14), кешендер (3) көрсетті (4-сурет).

4-сурет. 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан қортындысы бойынша ББҰ типтерінің нәтижесі



Білім алушылардың білім сапасы бойынша жақсы нәтиже көрсеткен мектептер қатары келесідей көріністе:

- 56,69% - 60% аралығында 21 (№№ 1, 7, 15, 20, 22, 25, 27, 28, 30, 34, 40, 47, 53, 65, 66, 75, 76, 79, 84, 88, 94) орта білім беру ұйымы;
- 60% - 70% аралығында 19 (№№ 3, 10, 33, 38, 43, 46, 50, 51, 56, 59, 60, 63, 64, 69, 70, 77, 91, 92, 93) орта білім беру ұйымы;
- 70% - 88% аралығында 5 (№ 9, 81, 82, БИЛ(ұ), БИЛ(к)) орта білім беру ұйымы.

Жоғарыда аталған мектептерді білім сапасының өзгерісіне қарай екі үлкен екі топқа бөлуге болады:

- 1) бірінші топ – 2-ші және 3-тоқсан нәтижелері бойынша орташа қалалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен мектептер;
- 2) екінші топ – тек 3-тоқсан нәтижесі бойынша орташа қалалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен мектептер (5-кесте).

5-кесте. 2022-2023 оқу жылының 2-ші және 3-тоқсан нәтижелері бойынша орташа қалалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен мектептер саны

2-ші және 3-тоқсан нәтижелері бойынша орташа қалалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен мектептер			3-тоқсан нәтижесі бойынша орташа қалалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен мектептер		
56,69% - 60%	60% - 70%	70% - 88%	56,69% - 60%	60% - 70%	70% - 88%
16ББҰ	11 ББҰ	4 ББҰ	5 ББҰ	8 ББҰ	1 ББҰ
№№ 7, 15, 20, 27, 28, 30, 34, 40, 53, 65, 66, 75, 79, 84, 88, 94	№№ 3, 10, 33, 50, 51, 59, 60, 77, 91, 92, 93	№№ 81, 82, БИЛ(ұ), БИЛ(к)	№№ 1, 22, 25, 47, 76	№№ 38, 43, 46, 56, 63, 64, 69, 70	№ 9

Қалалық деңгейден төмен нәтиже көрсеткен мектептердің барлық саны 51 білім беру ұйымы құрады. Ең төмен нәтиже №36 орта мектебі 38% көрсетті, сондай-ақ №39 кешкі ауысымды мектеп 27% көрсеткен. Бұл білім беру ұйымының өзіндік ерекшеліктері бар, дегенмен білім сапасы 2-тоқсан нәтижесімен салыстырғанда +10,28% өсу динамикасын құраған және білім беру ұйымының нәтижесі білім сапасы мониторингінде көрсетілген.


Мониторинг нәтижесі қалалық деңгейден (56,69%) төмен нәтиже көрсеткен білім беру ұйымдарының қа

Қалалық көрсеткіштен төмен (56,69%) қорытындысы бар мектептер мониторингінің нәтижелері мектептердің оқыту бейіні бойынша келесідей көрініс анықтады:

- орта мектеп - 18 (СШ №№ 13, 16, 18, 19, 21, 23, 24, 29, 36, 41, 42, 44, 45, 49, 55, 57, 61, Вечерняя школа № 39) білім беру ұйымы;
- мектеп-гимназиялар - 16 (№№ 2, 4, 14, 17, 26, 31, 32, 52, 58, 68, 74, 78, 80, 83, 86, 87) білім беру ұйымы;
- мектеп-лицейлер - 12 (№№ 8, 11, 35, 37, 48, 54, 62, 71, 72, 73, 85, 89),
- гимназиялар - 4 ОСО (№№ 5, 6, 67, 90) білім беру ұйымы;
- кешен - 1 ОСО (№№ 12) білім беру ұйымы.

Оның ішінде 6 (№24 ОМ, 61, №80 МГ, №37, 62 МЛ, №6 Г) білім беру ұйымының тоқсандық нәтижесі, 2-тоқсан нәтижесімен салыстырғанда төмен көрсеткіш көрсетті. Мониторинг қорытындысы бойынша мәліметтер 5-суретте көрсетілген.

5-сурет. 56,69% қалалық деңгейден төмен нәтиже көрсеткен мектептердің түрлері мен типтері.



Білім алушылардың білім сапасы бойынша мониторинг қорытындылары төмендегідей мектептер қатарын анықтады:

- 40% дейін - 3 ББҰ (№ 39 кешкі ауысымды мектеп, № 36 ОМ, № 90 Г),
- 40% - 50% аралығында - 6 ББҰ (№№ 42, 44, 49, 54, 74, 78),
- 50% - 56,69% аралығында 42 ББҰ (№№ 2, 4, 5, 6, 8, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 24, 26, 29, 31, 32, 35, 37, 41, 45, 48, 52, 55, 57, 58, 61, 62, 67, 68, 71, 72, 73, 80, 83, 85, 86, 87, 89).


50% - 56,69% аралығында нәтиже көрсеткен 42 орта білім беру ұйымдарын үш топқа бөлуге болады (6-кесте).

6-кесте. ОББҰ 2022-2023 оқу жылындағы 2-ші және 3-ші тоқсан 50%-дан 56,69-ға дейін сапасы көрсеткіштерінің салыстырмалы кестесі

2-ші және 3-тоқсан нәтижесі бойынша өсу динамикасы бар ББҰ	3-тоқсан бойынша ғана 50% жоғары нәтиже көрсеткен ББҰ	2-тоқсанмен салыстырғанда қалалық көрсеткіші төмен ББҰ
22 ББҰ	14 ББҰ	6 ББҰ
№№ 2, 4, 11, 12, 16, 18, 21, 29, 31, 35, 45, 52, 57, 58, 67, 68, 71, 73, 83, 85, 87, 89	№№ 5, 8, 13, 14, 17, 24, 32, 41, 48, 55, 62, 72, 80, 86	№№ 6, 19, 23, 26, 37, 61

Осылайша 2-ші және 3-тоқсан нәтижелерін салыстыруда **40 және 50%** төмен нәтиже көрсеткен мектептер қатары **3-тоқсан нәтижесінде** білім беру ұйымдары санының **21-ден 9-ға азайғандығын** көруге болады.

Білім алушылардың білім сапасын қалалық көрсеткіштен жоғары немесе төмен көрсеткен қызмет түрлері мен типтері, оқыту бейіні бойынша ұйымдардың саны 6-суретте көрсетілген.



Диаграммадан ағымдағы жылдың 3-тоқсан бойынша білім сапасы 56,69%-дан жоғары мектептер саны (45 ББҰ), қалалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен мектептер санынан (51 ББҰ) аз екендігі анықталды.


Сонымен қатар қалалық орташа көрсеткіштен төмен нәтиже көрсеткен 28 МЛ мен МГ, бейінді оқыту бойынша 4 білім беру ұйымы ал жоғары нәтиже көрсеткен 34 МЛ мен МГ, бейінді оқыту бойынша 4 білім беру ұйымы анықталды. Орта мектептер бойынша төмен нәтижелі 18 ББҰ, жоғары нәтижелі 4 ББҰ белгілі болды.

Олай болса талдау нәтижесі негізінде төмендегідей **қорытынды** жасауға болады:

- білім беру ұйымының дәрежесіне (МГ, МЛ, Г) қарамастан, білім сапасы қалалық көрсеткіштен төмен мектептер қатарының үрдісі байқалады;
- көрсеткіштері жоғары мектептер саны, көрсеткіштері төмен мектептер қатарымен салыстырғанда 6 ББҰ-на төмен. Дәл осындай ағдай 2-тоқсан нәтижесі бойынша да байқалған.

Егер білім сапасының көрсеткіштерін қалалық көрсеткіш тұрғысынан орта білім беру ұйымдары бойынша пайыздық қатынаста қарастыратын болсақ, оның графикалық бейнесін 7-суреттен көруге болады.

7-сурет. 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан нәтижесі бойынша мектептердің саны



3-тоқсан қорытындысы бойынша диаграммадан ең төмен нәтиже көрсеткен 3, ал ең жоғары нәтиже көрсеткен 5 білім беру ұйымы анықталды. 50 %-дан қалалық көрсеткішке дейін нәтиже көрсеткен 42 мектеп қатары белгілі болды. Бұл көрсеткіш 2-тоқсан нәтижесімен салыстырғанда 12 мектепке артқан. 40%-дан 50%-ға дейін нәтиже көрсеткен мектептер қатары 2-тоқсанмен салыстырғанда 17-ден 6-ға дейін азайған.

Ал, қалалық орташа көрсеткіштен яғни, 56,69%-дан жоғары 60%-ға дейін көрсеткен мектептер қатары 21 құрады. Білім сапасы 60% - 70% аралығында болған мектептер саны 19 көрсетті. Бұл көрсеткіш 2-тоқсан қорытындысымен салыстырғанда 6 мектепке артқан.

Осылайша, мектептерді 3-тоқсан қорытындысын 2-тоқсан қорытындысымен салыстыра талдау, білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетті, өйткені қалалық деңгейден төмен нәтиже көрсеткен мектептердің басым бөлігі 50%-дан 56,69%-ға дейін білім сапасы бар **42 ұйым тобында. Яғни қалалық орташа көрсеткіштен -6,69% және -0,61% аралығындағы диапазонда артта қалған қалып отыр.**

Мұндай аздаған теріс көрсеткішті тоқсандығында бір ғана «3» леген баағасы бар білім алушыларға және сынып параллельдеріне баса назар аударып, қысқартуға, түзеуге болады. Осы бағыттағы мақсатты жұмыс мектеп бойынша білім сапасының жалпы көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді.

Үлгерім сапасы білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім сапасынан құралады. Көрсеткіштері **қалалық деңгейден төмен** мектептердің оқу пәндеріне және жалпы қала бойынша білім сапасына әсер ететін **жекелеген параллельдер** оқу пәндеріне назар аудару керек:

7-кесте. Оқу пәндері бойынша білім сапасы

№ р/с	Пән	Сапасы орташа қалалық деңгейден төмен	ББҰ атауы	Ең төменгі көрсеткіш	Параллель
1	Математика	49,33%	СШ №21	33,33%	7
2	Алгебра	45,32%	СШ №36	34,85%	8
3	Алгебра және анализ бастамалары	45,98%	ШЛ №40	30,16%	10
4	Геометрия	46,64%	Г №5	5,88%	9
5	Химия	48,57%	ШЛ №54	36,23%	10
6	Физика	47,19%	ШГ №78	35,29%	10
7	Биология	50,71%	Г №90	23,30%	8
8	География	46,14%	СШ №19	16,67%	8
9	Дүние жүзі тарихы	47,1%	СШ №55	25%	7
10	Қазақстан тарихы	50,6%	ШЛ №73	20,93%	10
11	Қазақ тілі	49,67%	Г №90	35,29%	8
12	Қазақ әдебиеті	49,2%	СШ №23	43,33%	7
13	Қазақ тілі мен әдебиеті	47,87%	ШГ №26	29,73%	8
14	Орыс тілі	48,59%	СШ №23	41,67%	9
15	Орыс әдебиеті	45,93%	СШ №55	38,18%	7
16	Орыс тілі мен әдебиеті	46,76%	ШГ №68	43,85%	8
17	Шетел тілі	49,75%	СШ №23	36,36%	10

Жоғарыда аталған пәндердің төмен көрсеткіштері көп жағдайда орта мектептер мен мектеп-гимназияларда анықталғанына назар аударған жөн. Демек, 50%-ға дейін теріс динамиканы көрсеткен мектептердегі **жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша білім сапасы орта есеппен 47,49%**, ал **қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндері бойынша 48,39% құрайды**, бұл әрине қалалық 56,69% көрсеткіштен төмен.

Сонымен 3-тоқсан бойынша білім алушылардың білім сапасының мониторингін талдау негізінде келесідей **қорытындылар жасауға** болады:

- екі оқу жылының (2021-2022, 2022-2023) 3-тоқсан бойынша білім сапасының **+2,06%** шамалы өсу үрдісі байқалады, 2-тоқсан бойынша талдау қорытындысы **+1,8%** көрсетті, **яғни соңғы екі оқу жылының 2-ші және 3-тоқсаны арасында оң өсу динамикасы бар;**

- 2022-2023 оқу жылының 2-ші және 3-тоқсан арасында **+2,61** құрайтын оң өсу динамикасы байқалады ;

- 2-тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 50%-дан орташа қалалық көрсеткішке дейін нәтиже көрсеткен білім беру ұйымдарының саны 42 құраған, яғни **+12 ББҰ** арту үрдісі байқалады;

- 2-тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 60%-дан 70%-ға дейін көрсеткен ББҰ саны 19 құраған, яғни 2-тоқсанмен салыстырғанда **+6 ББҰ** арту үрдісі байқалады;

- гимназияларда көрсеткіштердің төмендеуі байқалады, барлық төрт гимназияда 3-ші тоқсан бойынша білім сапасы қалалық орташа көрсеткіштен төмен;

- орта мектептерде, мектеп-гимназияларда және гимназияларда **жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша сапаның төмендеу үрдісі** байқалады.

Қорытындылар негізінде білім беру ұйымдарының **педагогтері мен әкімшіліктері үшін келесі ұсыныстар жасауға** болады:

- 2022-2023 оқу жылының 1 жартыжылдығы бойынша оқу пәндері, білім беру деңгейлері, сыныптар мен жекелеген сынып параллельдері бөлінісінде үлгерімді толық және нақты талдау арқылы мектепішілік бақылау жүйесін жетілдіру

- мектепішілік бақылау іс-шарасын мерзімдері бойынша тәжірибеге бағдарланған және орындалатын етіп жасау ;

- біліктілік санаттары бар, бірақ оқу пәні мен сыныбы шеңберінде білім алушылардың білі сапасы төмен педагогтерді анықтау мақсатында педагогтер контингентінің сапалық құрамы бойынша мектепте мониторинг жүргізу;

- әр түрлі нысандар арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмысты жалғастыру: жобалар, пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар, сыныптағы қосымша сабақтар және т.б.;

- білім алушылардың оқуға деген тұрақты мотивациясын қалыптастыру мақсатында ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастықты жандандыру;

- педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу мәселелері бойынша мектептегі әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жандандыру;

- бір «3» деген бағасы бар білім алушы мен жақсы және үздік оқитын білім алушылары жоқ жұмысты жандандыру.

Жоғарыда аталған талдау негізінде **Әдістемелік орталық әдіскерлеріне ұсыныстар ұсынылады:**

- оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша пән мұғалімдерімен атаулы жұмыс жүргізу;

- білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою жөніндегі жоспарды іске асыру бойынша жұмысты нақты және жүйелі түрде жетілдіру;

- мектепшілік бақылау жүйесін үйлестіру бойынша басшылардың орынбасарларымен жұмысты жалғастыру;

- 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсанында білім алушылардың білім сапасын төмендетуге әсер еткен оқу пәндері бойынша педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсету.

4. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ 4 ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ БІЛІМ САПАСЫ МОНИТОРИНГІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

2022-2023 оқу жылының 4-ші тоқсанындағы білім алушылардың білім сапасына мониторинг 96 орта білім беру ұйымдары арасында жүргізілді. 1-кестеде 3-ші және 4-ші тоқсандағы білім сапасының салыстырмалы динамикасы көрсетілген.

1-кесте. 2022-2023 оқу жылының 3 және 4-тоқсандарында қала мектептері бойынша білім алушылардың білім сапасы туралы мәліметтер

№	Білім беру ұйымдарының атауы	III тоқсан 2022-2023	IV тоқсан 2022-2023	Сапа динамикасы (+, -)
1	№82 "Дарын" мамандандырылған лицейі	88,00%	88,33%	0,33%
2	№9 "Зерде" мамандандырылған мектебі	81,00%	83,72%	2,72%
3	№81 мектеп-лицейі	79,00%	81,34%	2,34%
4	Дарынды қыз балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	76,50%	80,00%	3,50%
5	№51 мектеп-гимназиясы	68,00%	66,72%	-1,28%
6	Дарынды ер балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	74,36%	66,00%	-8,36%
7	№59 мектеп-лицейі	68,00%	65,79%	-2,21%
8	№93 мектеп-лицейі	66,00%	65,78%	-0,22%
9	№91 мектеп-гимназиясы	66,00%	65,74%	-0,26%
10	№33 балабақша-бастауыш мектебі	67,00%	65,49%	-1,51%
11	№70 мектеп-лицейі	63,00%	64,30%	1,30%
12	№64 мектеп-лицейі	61,00%	63,93%	2,93%
13	№10 мектеп-гимназиясы	63,00%	63,15%	0,15%
14	№40 мектеп-лицейі	58,35%	61,02%	2,67%
15	№77 мектеп-гимназиясы	64,00%	60,45%	-3,55%
16	№42 орта мектеп	49,00%	59,89%	10,89%
17	№60 мектеп-лицейі	65,00%	59,68%	-5,32%
18	№69 мектеп-гимназиясы	60,00%	59,36%	-0,64%
19	№46 балабақша-мектеп-гимназиясы	64,00%	59,14%	-4,86%
20	№84 мектеп-лицейі	59,00%	58,99%	-0,01%
21	№38 мектеп-лицейі	61,00%	58,79%	-2,21%
22	№56 мектеп-лицейі	60,00%	58,45%	-1,55%
23	№65 мектеп-гимназиясы	57,00%	58,43%	1,43%
24	№92 мектеп-лицейі	61,00%	58,35%	-2,65%
25	№28 мектеп-лицейі	57,00%	57,96%	0,96%
26	№61 орта мектеп	55,40%	57,78%	2,38%
27	№30 мектеп-гимназиясы	58,00%	57,70%	-0,30%
28	№7 мектеп-гимназиясы	59,00%	57,47%	-1,53%
29	№1 мектеп-гимназиясы	59,81%	57,44%	-2,37%
30	№3 мектеп-гимназиясы	60,26%	57,17%	-3,09%
31	№53 мектеп-лицейі	58,00%	56,69%	-1,31%
32	№34 орта мектеп	57,00%	56,69%	-0,31%
33	№63 мектеп-гимназиясы	62,00%	56,40%	-5,60%
34	№73 мектеп-лицейі	56,00%	56,19%	0,19%
35	№47 балабақша-мектеп-гимназиясы	58,00%	56,16%	-1,84%
36	№15 мектеп-лицейі	59,00%	55,76%	-3,24%
37	№11 мектеп-лицейі	55,00%	55,62%	0,62%
38	№20 орта мектеп	57,47%	55,44%	-2,03%
39	№24 орта мектеп	56,08%	55,44%	-0,64%
40	№88 мектеп-лицейі	57,00%	55,35%	-1,65%
41	№89 мектеп-лицейі	53,00%	55,24%	2,24%
42	№27 мектеп-лицейі	58,00%	55,11%	-2,89%
43	№66 мектеп-лицейі	57,00%	55,01%	-1,99%

44	№52 мектеп-гимназиясы	55,00%	55,00%	0,00%
	ОРТАША КӨРСЕТКІШ	56,69%	54,75%	-1,94%
1	№76 мектеп-лицейі	57,00%	54,55%	-2,45%
2	№79 мектеп-лицейі	58,00%	54,51%	-3,49%
3	№31 мектеп-гимназиясы	55,00%	54,31%	-0,69%
4	№75 мектеп-гимназиясы	57,00%	54,00%	-3,00%
5	№29 орта мектеп	54,37%	53,84%	-0,53%
6	№25 орта мектеп	57,00%	53,63%	-3,37%
7	№12 балабақша-бастауыш мектебі	54,00%	53,57%	-0,43%
8	№68 мектеп-гимназиясы	56,00%	53,47%	-2,53%
9	№57 орта мектеп	53,00%	53,32%	0,32%
10	№43 орта мектеп	60,68%	53,14%	-7,54%
11	№85 мектеп-лицейі	55,00%	53,07%	-1,93%
12	№18 орта мектеп	54,00%	53,00%	-1,00%
13	№87 мектеп-гимназиясы	53,00%	53,00%	0,00%
14	№55 орта мектеп	52,00%	52,94%	0,94%
15	№2 мектеп-гимназиясы	54,00%	52,57%	-1,43%
16	№6 гимназия	55,29%	52,42%	-2,87%
17	№16 средняя школа	56,00%	52,15%	-3,85%
18	№72 мектеп-лицейі	55,00%	51,77%	-3,23%
19	№62 мектеп-лицейі	54,94%	51,73%	-3,21%
20	№80 мектеп-гимназиясы	55,00%	51,67%	-3,33%
21	№4 мектеп-гимназиясы	55,00%	51,66%	-3,34%
22	№14 мектеп-гимназиясы	53,00%	51,10%	-1,90%
23	№67 гимназия	52,00%	50,86%	-1,14%
24	№86 мектеп-гимназиясы	50,00%	50,48%	0,48%
25	№35 мектеп-лицейі	53,00%	50,38%	-2,62%
26	№48 мектеп-лицейі	50,00%	50,16%	0,16%
27	№26 мектеп-гимназиясы	51,35%	50,08%	-1,27%
28	№22 мектеп-гимназиясы	59,00%	50,03%	-8,97%
29	№21 орта мектеп	52,00%	49,86%	-2,14%
30	№8 мектеп-лицейі	52,00%	49,55%	-2,45%
31	№5 гимназия	51,00%	49,54%	-1,46%
32	№13 орта мектеп	50,61%	49,54%	-1,07%
33	№32 мектеп-гимназиясы	53,00%	49,48%	-3,52%
34	№37 мектеп-лицейі	53,00%	49,25%	-3,75%
35	№17 мектеп-гимназиясы	52,00%	49,22%	-2,78%
36	№23 орта мектеп	50,07%	49,07%	-1,00%
37	№44 орта мектеп	49,00%	48,75%	-0,25%
38	№49 орта мектеп	48,00%	48,72%	0,72%
39	№58 мектеп-гимназиясы	53,00%	48,53%	-4,47%
40	№83 мектеп-гимназиясы	53,00%	48,46%	-4,54%
41	№41 орта мектеп	50,00%	47,31%	-2,69%
42	№45 орта мектеп	53,00%	46,86%	-6,14%
43	№71 мектеп-лицейі	52,04%	46,41%	-5,63%
44	№19 орта мектеп	50,00%	45,20%	-4,80%
45	№78 мектеп-гимназиясы	46,00%	44,78%	-1,22%
46	№54 мектеп-лицейі	48,00%	44,37%	-3,63%
47	№74 мектеп-гимназиясы	44,00%	44,30%	0,30%
48	№50 мектеп-лицейі	65,00%	44,10%	-20,90%
49	№94 мектеп-гимназиясы	57,00%	42,94%	-14,06%
50	№90 гимназия	39,00%	35,11%	-3,89%
51	№36 орта мектеп	38,00%	34,65%	-3,35%
52	№39 кешкі (ауысымды) мектеп	27,00%	24,20%	-2,80%


* **Ескертпе** – 3 - ші және 4-ші тоқсандарда білім алушылардың білім сапасының оң тұрақты өсу динамикасы бар ОББұ **жасыл түспен** белгіленді.

Сары түспен сапа көрсеткіші 3-ші тоқсанда орташа қалалық деңгейден жоғары, бірақ 4-ші тоқсанда олардың көрсеткіші орташа қалалық деңгейден төмен түсті.

Қызыл түспен теріс динамикасы бар және орта қалалық деңгейден төмен білім сапасының көрсеткіші бар ББұ белгіленді.

2022-2023 оқу жылының 4-тоқсанындағы білім алушылардың білім сапасы мониторингі орташа көрсеткіштің **54,75%** құрағандығын анықтады, ол ағымдағы оқу жылының 3-тоқсанындағы деректермен салыстырғанда **білім сапасының -1,94%-ға** төмендегенін көрсетеді. (1-сурет):

1-сурет. Білім алушылардың 2022-2023 оқу жылындағы 3-ші және 4-ші тоқсандағы білім сапасының көрсеткіштері, %



Демек, білім алушылардың білім сапасы тұрақты динамиканы көрсетпеді, өйткені 3-тоқсанның көрсеткішін 2-тоқсанмен салыстырғанда +2,66% - ға өсуі байқалды, ал 4-тоқсанда -1,94% - ға төмендеуі байқалды, бұл өсу көрсеткішінің төмендеуін көрсеткен 8 ОББұ-да сабақ жүргізу сапасын бақылаудың әлсіреуі туралы айтуы мүмкін - №№ 76, 79, 75, 25, 43, 22, 50, 94 (мектептердің тәртібі олардың орналасуына сәйкес 1-кестеде көрсетілген).

2022-2023 оқу жылының 4-тоқсанындағы білім алушылардың білім сапасы мониторингі білім сапасының орташа көрсеткішін анықтады, ол **52,67%** болған 2021-2022 оқу жылының 4-тоқсанымен салыстырғанда **54,75%** немесе **+2,08%** құрады (2-кесте).

2-кесте. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы 4-тоқсан көрсеткіштерінің салыстырмалы кестесі

№	Білім беру ұйымдарының атауы	IV тоқсан 2021-2022	IV тоқсан 2022-2023	Сапа динамикасы (+, -)
1	№82 "Дарын" мамандандырылған лицейі	85,86%	88,33%	+2,47%
2	№9 "Зерде" мамандандырылған мектебі	70,13%	83,72%	+13,59%
3	№81 мектеп-лицейі	79,60%	81,34%	+1,74%
4	Дарынды қыз балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	78,00%	80,00%	+2,00%
5	№51 мектеп-гимназия	63,19%	66,72%	+3,53%
6	Дарынды ер балаларға арналған "Білім-инновация" интернат-лицейі	48,39%	66,00%	+17,61%
7	№59 мектеп-лицейі	59,29%	65,79%	+6,50%
8	№93 мектеп-лицейі	*	65,78%	*
9	№91 мектеп-гимназия	70,51%	65,74%	-4,77%
10	№33 детский сад-начальная школа	71,93%	65,49%	-6,44%
11	№70 мектеп-лицейі	61,02%	64,30%	+3,28%
12	№64 мектеп-лицейі	61,25%	63,93%	+2,68%
13	№10 мектеп-гимназия	60,65%	63,15%	+2,50%
14	№40 мектеп-лицейі	50,15%	61,02%	+10,87%

15	№77 мектеп-гимназия	63,81%	60,45%	-3,36%
16	№42 орта мектеп	47,74%	59,89%	+12,15%
17	№60 мектеп-лицейі	56,95%	59,68%	+2,73%
18	№69 мектеп-гимназия	54,50%	59,36%	+4,86%
19	№46 балабақша-мектеп-гимназиясы	61,46%	59,14%	-2,32%
20	№84 мектеп-лицейі	54,57%	58,99%	+4,42%
21	№38 мектеп-лицейі	58,62%	58,79%	+0,17%
22	№56 мектеп-лицейі	58,20%	58,45%	+0,25%
23	№65 мектеп-гимназия	53,97%	58,43%	+4,46%
24	№92 мектеп-лицейі	56,07%	58,35%	+2,28%
25	№28 мектеп-лицейі	49,27%	57,96%	+8,69%
26	№61 орта мектеп	51,39%	57,78%	+6,39%
27	№30 мектеп-гимназия	49,79%	57,70%	+7,91%
28	№7 мектеп-гимназия	57,07%	57,47%	+0,40%
29	№1 мектеп-гимназия	54,38%	57,44%	+3,06%
30	№3 мектеп-гимназия	64,39%	57,17%	-7,22%
31	№53 мектеп-лицейі	52,52%	56,69%	+4,17%
32	№34 орта мектеп	56,79%	56,69%	-0,10%
33	№63 мектеп-гимназия	56,46%	56,40%	-0,06%
34	№73 мектеп-лицейі	45,92%	56,19%	+10,27%
35	№47 балабақша-мектеп-гимназиясы	49,66%	56,16%	+6,50%
36	№15 мектеп-лицейі	55,06%	55,76%	+0,70%
37	№11 мектеп-лицейі	55,56%	55,62%	+0,06%
38	№20 орта мектеп	52,48%	55,44%	+2,96%
39	№24 орта мектеп	56,85%	55,44%	-1,41%
40	№88 мектеп-лицейі	64,38%	55,35%	-9,03%
41	№89 мектеп-лицейі	54,08%	55,24%	+1,16%
42	№27 мектеп-лицейі	49,98%	55,11%	+5,13%
43	№66 мектеп-лицейі	50,09%	55,01%	+4,92%
44	№52 мектеп-гимназия	53,34%	55,00%	+1,66%
	ОРТАША КӨРСЕТКІШ	52,67%	54,75%	+2,08%
1	№76 мектеп-лицейі	51,08%	54,55%	+3,47%
2	№79 мектеп-лицейі	52,37%	54,51%	+2,14%
3	№31 мектеп-гимназия	50,55%	54,31%	+3,76%
4	№75 мектеп-гимназия	49,93%	54,00%	+4,07%
5	№29 орта мектеп	49,08%	53,84%	+4,76%
6	№25 орта мектеп	52,31%	53,63%	+1,32%
7	№12 балабақша-бастауыш мектебі	51,60%	53,57%	+1,97%
8	№68 мектеп-гимназия	57,00%	53,47%	-3,53%
9	№57 орта мектеп	47,69%	53,32%	+5,63%
10	№43 орта мектеп	46,27%	53,14%	+6,87%
11	№85 мектеп-лицейі	55,09%	53,07%	-2,02%
12	№18 орта мектеп	50,82%	53,00%	+2,18%
13	№87 мектеп-гимназия	52,06%	53,00%	+0,94%
14	№55 орта мектеп	52,25%	52,94%	+0,69%
15	№2 мектеп-гимназия	49,33%	52,57%	+3,24%
16	№6 гимназия	49,87%	52,42%	+2,55%
17	№16 орта мектеп	44,12%	52,15%	+8,03%
18	№72 мектеп-лицейі	43,63%	51,77%	+8,14%
19	№62 мектеп-лицейі	57,81%	51,73%	-6,08%
20	№80 мектеп-гимназия	50,92%	51,67%	+0,75%
21	№4 мектеп-гимназия	51,67%	51,66%	-0,01%
22	№14 мектеп-гимназия	40,70%	51,10%	+10,40%
23	№67 гимназия	49,82%	50,86%	+1,04%
24	№86 мектеп-гимназия	50,99%	50,48%	-0,51%
25	№35 мектеп-лицейі	49,33%	50,38%	+1,05%
26	№48 мектеп-лицейі	45,03%	50,16%	+5,13%

27	№26 мектеп-гимназия	51,43%	50,08%	-1,35%
28	№22 мектеп-гимназия	45,03%	50,03%	+5,00%
29	№21 орта мектеп	51,38%	49,86%	-1,52%
30	№8 мектеп-лицейі	41,05%	49,55%	+8,50%
31	№5 гимназия	46,46%	49,54%	+3,08%
32	№13 орта мектеп	39,56%	49,54%	+9,98%
33	№32 мектеп-гимназия	44,32%	49,48%	+5,16%
34	№37 мектеп-лицейі	47,38%	49,25%	+1,87%
35	№17 мектеп-гимназия	60,94%	49,22%	-11,72%
36	№23 орта мектеп	47,23%	49,07%	+1,84%
37	№44 орта мектеп	41,62%	48,75%	+7,13%
38	№49 орта мектеп	50,47%	48,72%	-1,75%
39	№58 мектеп-гимназия	50,83%	48,53%	-2,30%
40	№83 мектеп-гимназия	49,32%	48,46%	-0,86%
41	№41 орта мектеп	50,74%	47,31%	-3,43%
42	№45 орта мектеп	43,85%	46,86%	+3,01%
43	№71 мектеп-лицейі	42,17%	46,41%	+4,24%
44	№19 орта мектеп	51,38%	45,20%	-6,18%
45	№78 мектеп-гимназия	53,01%	44,78%	-8,23%
46	№54 мектеп-лицейі	43,32%	44,37%	+1,05%
47	№74 мектеп-гимназия	47,15%	44,30%	-2,85%
48	№50 мектеп-лицейі	60,91%	44,10%	-16,81%
49	№94 мектеп-гимназия	*	42,94%	*
50	№90 гимназия	34,68%	35,11%	+0,43%
51	№36 орта мектеп	30,04%	34,65%	+4,61%
52	№39 кешкі (ауысымды) мектеп	20,00%	24,20%	+4,20%


* **Ескертпе** – жасыл түспен соңғы екі оқу жылының 4 тоқсанында білім алушылардың білім сапасының оң тұрақты өсу динамикасы бар ББү белгіленді.

Сары түспен 2021-2022 оқу жылының 4 тоқсанында сапа көрсеткіші қалалық орташа деңгейден жоғары, бірақ 2022-2023 оқу жылының 4-ші тоқсанында олардың көрсеткіші қалалық орташа деңгейден төмендеген ББү.

Қызыл түспен теріс динамикасы бар және соңғы екі оқу жылында 4-ші тоқсанда орта қалалық деңгейден төмен білім сапасының көрсеткіші бар ББү белгіленді.


Демек, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының 4 тоқсанындағы білім сапасының динамикасы +2,08% құрады (2-сурет):

2-сурет. Екі оқу жылы бөлінісінде білім алушылардың 4-тоқсандағы білім сапасы көрсеткіштері (2021-2022, 2022-2023), %



2022-2023 оқу жылының 4-тоқсанында білім сапасы орташа қалалық көрсеткіштен жоғары білім беру ұйымдарының типтері мен түрлері бойынша үлесі 3-суретте берілген.

3-сурет. Орташа қалалық көрсеткіштен жоғары көрсеткен білім беру ұйымдарының типтер мен түрлер бөлінісіндегі үлесі, %



2022-2023 оқу жылының 4-тоқсан нәтижесі мектеп көрсеткіштерінің мониторингі 44 мектепте қалалық көрсеткіштен жоғары білім сапасы бар екенін, 3-ші тоқсанда 45 ОББұ болғанын, 1 ОББұ төмендегенін көрсетті. Төмендеудің себебі - 8 ОББұ (№№ 76, 79, 75, 25, 43, 22, 50, 94) 4-ші тоқсандағы көрсеткіштер орташа қалалық мәннен төмен болды, ал 7 ОББұ-да (42, 61, 73, 11, 24, 89, 52) көрсеткіштері 3-ші тоқсанмен салыстырғанда орташа қалалық мәннен жоғары болды (*мектептердің тәртібі олардың орналасқан жеріне сәйкес 1-кестеде көрсетілген*).

Бұл ретте қала бойынша **ең жоғары көрсеткіш 88,33%-ды** құрады немесе 3-тоқсанмен салыстырғанда +0,33%-ға өсті (№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі). Білім алушылардың білім сапасы қалалық көрсеткіштен жоғары мектептердің көрсеткіштері 55%-дан 88,33% - ға дейін ауытқиды.

Мониторинг тек сыртқы салыстырмалы диагностиканы ғана емес, сонымен қатар **ішкі диагностиканы** да көрсетеді, яғни мектеп оқушыларының білімінің сапасы соңғы 2 оқу жылындағы өз көрсеткіштерімен салыстырылады.

Екі жыл шеңберіндегі мектептердің 4-тоқсандағы білім сапасының көрсеткіштерін салыстыра отырып, орташа қалалық мәннен жоғары көрсеткіші бар 44 ОББұ-ның (2-кестенің деректері):

- 2 ОББұ дарынды ер балаларға арналған «Білім – инновация» лицей-интернатының +17,61%-ға және №9 «Зерде» мамандандырылған мектебінің + 13,59%-ға өз көрсеткіштерін жақсартты;

- 33 ОББұ көрсеткіштерінің өсуі +0,06%-дан +10,87%-ге дейін болды

- 9 ОББұ-да (№№ 88, 3, 24, 34, 46, 77, 91, 33, 63) олардың білім сапасы қалалық көрсеткіштен жоғары, бірақ олардың динамикасы 3-тоқсанмен салыстырғанда -0,06%-дан -9,03%-ға дейінгі диапазондағы төмендеу үрдісіне ие. Мұнда №63 мектептің ең төменгі көрсеткіші (-0,06%), №88 мектептің ең үлкен төмендеуі (-9,03%). **Бұдан шығатыны, 9 ОББұ деректері мектеп бойынша жалпы орташа мәннің төмендеуіне әсер ететін параллельдерді бақылауды күшейтуі керек.**

Алайда, **35 мектеп сапа пайызын қала деңгейінен төмен көрсетеді**, бірақ олардың ішкі көрсеткіштерінде 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарындағы 4 тоқсанмен салыстырғанда өсу динамикасы бар, мысалы:

